


МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ ІРІКТЕУДІҢ УАҚЫТША ҚАҒИДАЛАРЫ АЯСЫНДА КОНКУРСҚА ҚАТЫСУ ҚАДАМДАРЫ



2023 жылдың 1 наурызы – 31 желтоқсаны
аралығында Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік қызмет істері агенттігінде,
Қазақстан Республикасының сауда және
интеграция, индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрліктерінде, Ақмола облысы мен
Шымкент қаласының жергілікті атқарушы
органдарында мемлекеттік қызметке іріктеудің
уақытша қағидалары жұмыс істейді



*Осы жадынама уақытша қағидалар шеңберінде
конкурсқа қатысатын үміткерлерге көмекші құрал
ретінде әзірленді*



Маңызды ақпарат!

Іріктеуге қатысу үшін қажетті техникалық жабдықтарды (*компьютер, кемінде 5 мб/сек. интернет жылдамдығы, веб-камера, микрофон, тиісті жарықтандыру деңгейі*) **үміткер өздігінен қамтамасыз етеді**

Іріктеу кезеңдерінен өту кезінде үміткерге **тыйым салынады:**

- *бөлмеге бөгде адамдарды кіргізуге;*
- *басқа адаммен ауысуға;*
- *орнын тастап кетуге;*
- *экраннан бұрылуға;*
- *камераны жабуға;*
- *бейнекамераны ажыратуға;*
- *қосалқы баспа, қағаз, өзге де материалдар мен заттарды пайдалануға.*

Ескерту: *мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау кезеңінен өту кезінде таза қағазды, қарындашты және есептеуішті пайдалануға рұқсат беріледі*

1

Мемлекеттік қызметке түскісі келетін үміткерлер ең алдымен **eqyzzmet.gov.kz** интернет-порталында жеке сәйкестендіру нөмірін және ЭЦҚ енгізу арқылы тіркеледі

<https://www.eqyzzmet.gov.kz/>



Тіркелу кезінде уақытша қағидалар аясындағы іріктеу тәртібімен танысып, орнатылған талаптарды сақтауға міндеттенеді және жеке мәліметтерінің қолданылуымен келіседі



2

Жүйеде үміткердің **жеке ісі** автоматты түрде құрылады. Барлық мәліметтер (*жеке куәлігі, мекенжайы, еңбек жолы, білімі, электрондық поштасы, суреті және телефоны*) басқа ақпараттық жүйелерден алынады

Үміткер жеке іске жинақталған мәліметтердің дұрыстығын тексереді, әрбір еңбек жазбасы бойынша функционалдық бағыттарды көрсетеді және қажет болған жағдайда жеке іске қосымша мәліметтер енгізе алады





Үміткер осы порталдағы өзінің жеке кабинетінде **ҚР мемлекеттік тілін және заңнамасын білуіне тестілеуден өту үшін 1 күнтізбелік күн бұрын өтінім қалдырады. Тестілеу күні мен уақытын өзі таңдайды**

Тестілеу бағдарламасы	Сұрақтар саны	Берілетін уақыты	Өту мәндері
ҚР мемлекеттік тілі	20 сұрақ	20 минут	-
ҚР Конституциясы	15 сұрақ	55 минут	барлық нормативтік құқықтық актілер бойынша сұрақтардың жалпы санынан кемінде 30 дұрыс жауап және әрбір нормативтік құқықтық акт бойынша кемінде 5 дұрыс жауап
ҚР Мемлекеттік қызметі туралы заңы	15 сұрақ		
ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңы	15 сұрақ		
ҚР Мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі	10 сұрақ		
4 заңнамалық акті	55 сұрақ		

*Сертификат тестілеуден өткен күннен бастап **2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін** уақытша қағидалармен көзделген 5 мемлекеттік органда жарамды*

4

Үміткер жүйедегі бос лауазымдар туралы **хабарландырулармен танысып**, өзі таңдаған конкурсқа қатысу үшін **өтінім береді**. Осыдан кейін жүйе оның осы лауазымның біліктілік талаптарына сәйкестігін қарайды және жеке ісін конкурс өткізетін мемлекеттік органның кадр қызметіне жібереді

Кадр қызметі бір жұмыс күні ішінде үміткерлердің жеке істерінің бос лауазымның біліктілік талаптарына сәйкестігін тексереді. Үміткер біліктілік талаптарына сәйкес келген жағдайда, жүйе оны конкурстың келесі кезеңіне өткені туралы хабардар етеді



*Үміткер конкурсқа қатысуға өтінім берген кезде жүйе оған **дербес сәйкестендіру нөмірін** тағайындайды. Үміткердің дербес сәйкестендіру нөмірі іріктеу кезеңдеріне қатысқан кезде үміткерді оның дербес деректерін көрсетпей иесіздендіру үшін пайдаланылады*

Келесі кезекте үміткер **жеке қасиеттерін бағалау бойынша тестілеуден өтеді.**

Жеке қасиеттерді бағалау жүйеде көзделген кестеге сәйкес жүргізіледі. Шекті мәнді еңсерген үміткерлердің нәтижелерін бір жұмыс күні ішінде проктор тексереді. Жеке қасиеттерін бағалаудан өткен үміткер талаптарды бұзбаған жағдайда ол конкурстың келесі кезеңіне жіберіледі

Жеке қасиеттер	Тапсырмалар саны	Шекті мәні	Берілетін уақыты
Күйзеліске төзімділік	10 тапсырма	50%	100 минут
Бастамашылдық	10 тапсырма		
Жауапкершілік	10 тапсырма		
Қызметті тұтынушыға және оны хабарландыруға бағдарлану	10 тапсырма		
Адалдық	10 тапсырма		
Өздігінен даму	10 тапсырма		
Жеделділік	10 тапсырма		
Ынтымақтастық және әрекеттестік	10 тапсырма		
Қызметті басқару	10 тапсырма		
Шешім қабылдау	10 тапсырма		
Көшбасшылық	10 тапсырма		
Стратегиялық ойлау	10 тапсырма		
Өзгерістерді басқару	10 тапсырма		
Барлығы 13 қасиет	130 тапсырма		

Жеке қасиеттерді бағалау сонымен қатар сенімділік деңгейін анықтауға арналған сұрақтарды қамтиды

6

Әрі қарай үміткерлер **мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау** бойынша тапсырмаларды орындайды.

2 блоктан тұрады

Мәтіндік тапсырмалар
(25 тапсырма – 25 минут)

Мәтіннің ұсынылған бөлігін зерттеуге және оның мазмұны бойынша жауап нұсқаларының бірін таңдау бойынша

Сандық тапсырмалар
(25 тапсырма – 25 минут)


Кестелер, сызбалар және диаграммалар түрінде ұсынылған ақпаратты зерттеуге және оның мазмұны бойынша жауап нұсқаларының бірін таңдау

Проктордың тексеруі мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау аяқталғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде жүргізіледі. Үміткер талаптарды бұзбаған жағдайда конкурстың келесі кезеңіне жіберіледі.

Анықтама үшін: конкурстың осы кезеңінің қорытындылары бойынша ең жоғары нәтижелерге қол жеткізген үміткерлердің жалпы санының жартысы, бірақ кемінде үшеуі конкурстың келесі кезеңіне жіберіледі. Бірнеше үміткерде тестілеу нәтижелері тең болған кезде конкурстың келесі кезеңіне үміткерлердің белгіленген санынан асып кетуіне жол беріледі. Бір немесе екі үміткер қатысқан жағдайда, осы үміткерлер конкурстың келесі кезеңіне жіберіледі.

A-1, B-1, C-1, C-O-1, C-R-1, D-1, D-O-1, D-R-1, E-1, E-R-1 санаттары үшін үміткерлер **эссе** жазады. Эссе жазу жүйеде онлайн режимде тәуліктің кез келген ыңғайлы уақытында, жүйемен айқындалатын кестеге сәйкес жүргізіледі

Эссе көлемі: 200 сөзден аспайды
Уақыты: 45 минут



Эссе жазу аяқталғаннан кейін оның нәтижесі прокторға тексеруге жіберіледі. Проктор тексеру нәтижелерін жариялағаннан кейін бір жұмыс күні ішінде эссені конкурстық комиссиясының мүшелері бес балдық шәкіл бойынша бағалайды. «Эссе жазу» байқауының кезеңінен өтудің шекті мәні бес балдан кемінде үш баллды құрайды

8

Конкурстың алдыңғы кезеңдерінің нәтижелері бойынша ең жоғары балл жинаған үшеуден артық емес үміткер конкурстық комиссиямен әңгімелесуге жіберіледі

Анықтама үшін: ең жоғары балл жинаған үміткерлердің баллдары тең болған кезде әңгімелесуге үшеуден артық үміткер жіберілуі мүмкін

Әңгімелесу бейнебайланыс режимінде жүргізіледі. Конкурс комиссиясының мүшелері үміткерге *алдыңғы жұмыс орындарының қызметтік функционалдық бағыттарына сәйкес үміткермен байланыс орнатуға және орналасуға арналған жеке қасиеттері тұрғысынан жалпы сипаттағы сұрақтар* қояды. Әр үміткермен әңгімелесу ұзақтығы **15 минуттан** аспайды.



Конкурс қорытындысы бойынша жүйе ең жоғары балл жинаған үздік үш үміткерді жиынтық баллдарының төмендеуі бойынша автоматты түрде айқындайды.

Бірнеше үміткердің баллдары тең болған жағдайда, еңбек өтілі жоғары үміткер жеңімпаз атанады, ал еңбек өтілі тең болған жағдайда білім деңгейі қарастырылады



Конкурс қорытындысы шығарылғаннан кейін 1 жұмыс күні ішінде жүйемен хаттама рәсімделеді, оған конкурстық комиссия мүшелері ЭЦҚ көмегімен қол қояды. Мемлекеттік органның кадр қызметіне және үміткерлердің жеке кабинеттеріне конкурс қорытындылары туралы хабарлама жіберіледі

10

Мемлекеттік лауазымға тағайындау құқығы бар адам 5 жұмыс күні өткеннен кейін, бірақ конкурс қорытындылары жарияланған күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей **конкурс жеңімпазын лауазымға қабылдайды**. Әңгімелесуге бір үміткер қатысқан жағдайда, оны тағайындау конкурс қорытындылары жарияланған күннен бастап жүзеге асырылуы мүмкін

Жеңімпаз, мемлекеттік қызметшілерді қоспағанда, конкурс қорытындылары жарияланған күннен бастап **күнтізбелік 10 күн ішінде** кадр қызметіне мынадай құжаттарды ұсынады:

- *еңбек қызметін растайтын құжат*
- *2) 075/е нысандағы денсаулығы туралы медициналық анықтама*



eqyzzmet.gov.kz

интернет-порталына кіру үшін
QR-кодты қолдана аласыз



Мемлекеттік қызметке
іріктеудің уақытша қағидаларымен
толығырақ танысу үшін
adilet.zan.kz порталына жүгіну қажет

Қосымша сұрақтар бойынша
Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне
жүгінуге болады:

8 (717 2) 75 34 39, 75 32 14

Астана қаласы, Абай даңғылы 33а, 12 қабат

